

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

¹Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ²

¹ал-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, т.ғ.к.,
Алматы, gulmiras2801@gmail.com

²Орталық Азия Университетінің доценті, з.ғ.к.,
Алматы, aiguluser@mail.ru

Аңдатпа

Заманауи Қазақстандағы азаматтық қоғамның өзіндік ұзын сонар тарихы бар. Ежелгі замандарда-ақ азаматтық қоғам құру идеясы дәстүрлі қазақ қоғамындағы басым бағыттардың бірі болған еді. Кез келген мемлекеттік саясат билер соты, ақын-жыраулар мен сал-серілер шығармашылығы, батырлар, ақсақалдар рөлі, т.б. сынды азаматтық қоғамның институттарын айналып өте алмады. Аталған барлық институттар қоғамның тұтастануын қамтамасыз етіп келді. Кейіннен қазақ жерлерін патшалық Ресей тұсында отарлау, сонымен қатар біртұтас Кеңес мемлекетін құру тарихи мирасқорлықты, жеке меншіктің көп түрлілігін және дәстүрлі құндылықтарды тоқтатып тастады. Алайда қоғамда кейбір институттарға, әсіресе алдыңғы ұрпаққа, ақсақалдарға деген құрмет әлі күнге дейін сақталып келді. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақстандық қоғамда азаматтық сананың өсуі байқалады. Көптеген қоғамдық-мемлекеттік институттар өздерінің рөлін жоғалтқанымен, Қазақстандағы идеологиялық және саяси көптірлілік қоғамдағы негізгі принциптерге айнала бастады.

Ключевые слова: Қазақстан, билер соты, далалық демократия, ақсақал, қоғамдық ұйым, азаматтық бірлестік

¹ Sabdenova G. E., Userova A. N. ²

¹Associate Professor of al-Farabi KazNU, Candidate of History,
Almaty, gulmiras2801@gmail.com

²Associate Professor of Central Asian University, Candidate of law,
Almaty, ²aiguluser@mail.ru

CIVIL SOCIETY IN KAZAKHSTAN: PAST AND PRESENT

Abstract

Civil society in modern Kazakhstan has a long history. Even in ancient times, the idea of building a civil society has become one of the priorities of the traditional Kazakh society. Any state policy could not ignore such institutions of civil society as the bi (judge) court, the work of akyns-Zhyrau and Sal-Seri, the roles of batyrs, aksakals, etc. All these institutions ensured the consolidation of society. Later, the colonization of Kazakh lands by tsarist Russia, as well as the creation of a unified Soviet state, interrupted the historical continuity, diversity of ownership forms and traditional values in society. But some institutions, especially respect for the older generation, the aksakal have been preserved in society to these days. Since independence, Kazakhstan's society has seen an awakening of civic consciousness. Although many public institutions have lost their role, the recognition of ideological and political diversity has become the fundamental principles of civil society in Kazakhstan.

Keyword: Kazakhstan, bi (judge) court, steppe democracy, aksakal, public organization, civil Association

¹Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ²

¹доцент КазНУ им аль-Фараби, к.и.н.,

Алматы, gulmiras2801@gmail.com

²доцент Центрально-Азиатского университета, к.ю.н.,

Алматы, aiguluser@mail.ru

ГРАЖДАНСКОЕ ОБЩЕСТВО В КАЗАХСТАНЕ: ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ

Аннотация

Гражданское общество в современном Казахстане имеет свою длительную историю. Еще в древности идея построения гражданского общества стала одним из приоритетных направлений у традиционного казахского общества. Любая государственная политика не могла обойти стороной такие институты гражданского общества, как суд биев, творчество акынов-жырау и сал-сери, роли батыров, аксакалов и т.д. Все названные институты обеспечивали консолидацию общества. Позже колонизация казахских земель царской Россией, так же построенное единое Советское государство прервали историческую преемственность, многообразие форм собственности и традиционные ценности в обществе. Но некоторые институты, особенно уважение к старшему поколению, аксакалу сохранились в обществе и поныне. С обретением независимости в казахстанском обществе наблюдается пробуждение гражданского самосознания. Хотя многие общественно-государственные институты потеряли свою роль, но тем не менее основополагающими принципами гражданского общества в Казахстане стали признание идеологического и политического многообразия.

Ключевые слова: Казахстан, суд биев, степная демократия, аксакал, общественная организация, гражданское объединение

Кіріспе

Қазақ халқы қай дәуірде өмір сүрсе де адал еңбек етті, бейбіт өмір кешті, өсіп-өркендеді. Әділеттік, шындық, теңдік, адам құқығы әрдайым сақталып, адамдардың бір-біріне қиянат жасауына жол берілмеді. Әсіресе Қазақ хандығы дәуірінде дала демократиясы орнап, азаматтық қоғамның шынайы белгілері қалыптасты. Оған қоғамның әрбір мүшесі ат салысқандығын 10 томдық заңдар жинағынан («Қазақтың ата заңдары, Древний мир права казахов, Eski kazak hukuk dunyasi, The ancient world of the kazakh law») да көруге болады. Әсіресе дәстүрлі құқық жүйесі қоғамды, елді біріктіріп, олардың тұтастығын сақтаудағы негізгі саяси-тарихи, мәдени және діни-философиялық тетік бола алды (Мажитова: 2014, 37-54; Смагулова: 2016, 32). Алайда патшалық дәуірдегі отарлау, кеңестік кезеңдегі мемлекеттік саясат ұлттық тарихи-құқықтық сарыннан біршама қол үзіп қалуға әсерін тигізді.

Сол себепті азаматтық қоғам құру керектігі тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде айқын бола бастады. Осыған орай мемлекет тарапынан бірнеше бағдарламалар, стратегиялық жоспарлар жасалынды. Мысалы, ҚР тарапынан 1998 жылды «Ұлттық тарих жылы», 1999 жылды «Ұрпақтар сабақтастығы жылы» деп жариялады. Бұл тарихымызды қайта жаңғыртсын, ата дәстүрін бойларына сіңіріп, ұрпақтары онан әрі жалғастыра берсін деген биік мақсат-мұраттан туындаған ой. Осы ұлы мұратты одан әрі тереңдетіп, енді «Мәдени мұралар» деген атпен арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдап, әлемде шашырап жатқан ата-баба мұраларын жинастыру, өзімізде әлі де шаң басып жатқан материалдық-мәдени мол мұраларды жарыққа шығарып, осының бәрін ұрпақтар бойына сіңіру іспетті тамаша мақсатты қамтитын ұлы іске бет түзетіп отыр. Өйткені, ежелден-ақ ата-бабаларымыз заңдылықты, әділеттікті, имандылықты қатаң сақтап отырған. Осы дәстүр құрылып жатқан мемлекетіміздің өмір салты, тәуелсіздігіміздің тірегі болмақ.

1990 жылғы 9 сәуірдегі «КСРО-дағы жергілікті шаруашылық және өзін-өзі басқарудың жалпы бастамасы», 1993 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілдігі және атқарушы органдары туралы» Заңдарынан бастап жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және одан әрі дамыту жөніндегі құқықтық негіздер мен жаңа концепциялар жасалынып, ол 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңмен одан әрі айқындала түсті.

Әрине, бұл 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясынан туындаған өзекті мәселелер еді. Онда билікті бірте-бірте жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беру, олардың құзыреттілігін кеңейте түсу, олар жергілікті аса маңызды мәселелерді өздері шешу, сол аумақта тұратын халықтың қызметін дербес тұрғыда жүзеге асыратын нағыз халықтық билікке кеңінен жол беру жайлы айтылады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың ерекше субъектісі халық, азаматтар болып табылады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды жергілікті қауымдастықтар жүзеге асырады. Олар, түптеп келгенде, көшелер, топтар, шағын аудандар түрінде ұйымдасқан өзін-өзі басқарудың субъектілері, яғни халықтың өзі болады әрі өз жұмыстарын дербес жүргізеді. Бұл деген сөз олардың қызметі халықтың мақсат-мүддесіне сай, лайықты дегенді білдіреді. Бұлардың қызметіне мемлекеттік органдар заңсыз араласуға құқығы жоқ.

Бүгінгі күні азаматтық қоғам құру, оның игілігін ортақтаса пайдалану және оны одан ары дамыта түсу қажеттілігі айқын сезіліп отыр.

Қоғамдық ұйымдар мен азаматтық бірлестіктер: тарихи-құқықтық талдау

Қазіргі таңдағы азаматтық қоғамдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары бұрынғы ата-бабаларымыздың мемлекетті басқару, тәлім-тәрбие беру тәжірибелеріне баса көңіл аударулары тиіс. Өйткені, елімізді өркениетті елдер қатарына қосу жолында және шынайы құқықтық ел болуда, өзіміздің ұлттық құқықтық мәдениетімізді, салт-дәстүрлерімізді, тәлім-тәрбиедегі әдептілік негіздерін ескеріп, озық тәжірибелерін үлгіге алуымыз орынды.

Қазіргі кезде жер-жерде ұйымдасып жатқан «Ақсақалдар кеңесі», «Ақсақалдар алқасы», «Билер кеңесі» сияқты қоғамдық ұйымдар мен азаматтық бірлестіктердің ішкі табиғатын, құқықтық өкілеттігін нақты ашып әрі шешіп беру керек. Қайта жаңғырып, жанданып жатқан дәстүрлі мәдениеттік құбылысымызды өткенмен сабақтастыра отырып жүргізуді ойластырған жөн. Өйткені, бұл құбылыс өткен тарихымызбен рухани-мәдени тұрғыдан байланысқан әрі қазақтың тарихында өзінің пәктігімен, жағымдылығымен санамызға сіңген дала демократиясының көріністерінен тұруы тиіс (Қуандықов: 1997, 65).

Осы құбылысты барлық жерде қуана алып, қолдау көрсетуде. Бұл қолдау негізсіз емес. Ата Заңымыздың өзінде: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық» (Қазақстан Республикасының Конституциясы: 2000, 96) [92, 96 б.] деп айқын жазылған. Олай болса, жергілікті әкімшілік-аумақтық аймақтарда (ауыл, аудан, қалаларда) халық өкілдерінен құрылған «ақсақалдар кеңесі», «ақсақалдар отырысы», «бітімгершілер тобы», «билер кеңесі» сияқты қоғамдық ұйымдарды құру заңға мүлдем қайшы емес. Қайта мұндай қоғамдық ұйымдар қазақ елінің құқықтық жүйесін, ұлттық-құқықтық болмысын дамытып, әрі әрлендіреді. Жер-жердегі ашылып жатқан қоғамдық ұйымдар біріншіден, халықтың құқықтық сауатын арттыруға, тәлім-тәрбиені күшейтуге игі әсер етеді. Екіншіден, қазақ халқының демократияға толы әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жандандырады. Үшіншіден, қылмыстық іс-әрекеттердің алдын алып, қылмыстық түзету шараларын кемітуге жол ашады. Төртіншіден, көпшіліктің талқысына салып, оларға құн, айып, кешірім сұрату арқылы араздықты өршітпейді. Бесіншіден, мемлекеттің қоғамдық ұйымдардың қызметіне араласуын тежейді, азаматтық қоғам рөлін арттырады. Нәтижеде, қоғам ортасында адамгершілік туы желбіреп, әділеттік, имандылық нық орнауға жол ашылады. Әрине, осы қоғамдық ұйымдар туралы Заң қабылданып, осы қоғамның өкілеттік функцияларын нақтылау кезек күттірмейтін мәселе. Мұндай заңдар көрші Қырғыз Республикасында, Өзбекстан, Түркменстанда әлдеқашан қабылданып, ақсақалдар тобы жұмыс істеп жатқанын жақсы білеміз (Конституция 16 стран мира: 1995).

Қазіргі таңда жылы жұмыс істейтін «Алқа билер соты» өз тамырын тереңге жайып, облыс көлемінен жер-жерге қанатын кең жайып, даулы мәселелерді бірте-бірте халықтың өздері шешетін бұрынғы билер сотының болмысына ие болатын органдар көбейе түсетініне сеніміміз мол.

Осы айтылған қоғамдардың ісін жүргізу тек білікті, тәжірибелі ақсақалдарға ғана емес, арнайы заң оқу орнын бітірген жастарды да араластыру қажет. Ол үшін жоғары заң оқу орындарында ата-бабаларымыздың әдет-ғұрып, әдептілік, имандылық, әділеттік жөніндегі мол тәжірибесін терең оқыту, бәлкім осы қоғамдарға лайықтап факультеттер ашуды қолға алу қажет болар. Ақсақалдар қарайтын істерге шек қоймай, шағым түсуіне орай, мүмкіндік беру орынды болар еді. Өйткені, қазір түрмелерге сыймай, қылмыстық іс-әрекеттер көбейіп бара жатыр ғой.

Ақсақалдар соты негізінен татуластыру, бітістіруді бірінші орынға қойып, материалдық айып беруді ұстануы қажет. Әсіресе, олар:

- азаматтық дау-дамайларды
- отбасындағы келіспеушіліктерді
- ата-анасын асырау, бағудағы дауларды
- жер бөлісу мәселелерін
- құн төлету, айыптар салу
- адам тәрбиесі мәселелерімен шындап айналыса алары хақ.

Жаза тек материалдық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ бұл азаматтық қоғамдар құқық бұзушылық іс-әрекеттер үшін қоғамдық жұмыстарға салу, қоғамнан қуу (жер аудару) секілді жазалар беруге де өкілетті болуы тиіс.

Республикамыздың көптеген жерлерінде осы айтылған қоғамдық ұйымдар құрылды. Бұл жайлы академик, сыншы-ғалым Р.Бердібай: «Республикамыздың қай жерлерінде халықтың ежелгі демократиялық дәстүрінің көрінісі билер кеңесі құрылуда. Бұл әзірше республика көлемінде кең таралмаған, бірақ жекелеген аудан орталықтарында, ауылдарда жүзеге асып келе жатқан көрініс. Соның бірі Түркістан облысы Созақ ауданында ашылған билер кеңесі. Әрине, шалғайда орналасқан Созақ ауданындағы бұл жаналық қуантарлық жағдай» деп қуана хабарлайды (Бердібай: 1997). Сол секілді мұндай қоғам «Ақсақалдар алқасы» Алматы облысы, Шелек ауданында да құрылып, олар бүкіл республикаға ашық хат жариялап, маскүнемдікке, араққұмарлыққа қарсы күресуге барлық азаматтарды шақырды (Баймұханбетов, Сақалов: 1994). Ақтөбе облысы «Бөгетсай» кеңшарында да «Ақсақалдар алқасы» құрылған, олардың айтуымен ауылды күзетуді жергілікті тұрғындар қолға алған (Әлібеков: 1991).

«Тарихтың тереңіне бой тартсақ, – дейді белгілі заңгер, профессор С.М. Нәрікбаев, – қазіргі қазақ мемлекетінің ел болып, еңсе көтерген дәуірден бері қарайғы табиғи болмыс-бітімімен біте қайнасып, бойына сіңген әдет-ғұрып, салт-санасынан екшеліп шыққан заңдар үлгісі халқымыздың билер үкімін биік парасатқа жеткізгенін айғақтай түседі» деп, мұндай «билер кеңесі», «ақсақалдар кеңесі» тәрізді қоғамдық ұйымдардың орны ерекше екенін ескертеді (Нәрікбаев: 1999, 11). Мұндай пікірді елімізге танымал барша заңгерлер де қолдап-қуаттайды. Бұл деген сөз, еліміз тәуелсіздігін жариялап, егемендік алғаннан кейін жағдай түбегейлі өзгергенін, қазақ халқы бүгінгісі мен болашағына ғана емес, өткен тарихына да жаңа көзқараспен қарай бастағанын көрсетеді. Ұлттық сана қайта түлеп, рухани құндылықтар зерделене түсіп, іс-қимылдар, өзгерістер көріне бастағанын дәлелдейді.

Бұл өзгерістердің пайда болуы бүгінгі құқықтық өміріміздің байырғы дәстүрлі құқықтық мәдениетімізбен табиғи сабақтастығының көрінісі. «Қазақ халқы өзінің жаңа жағдайдағы мемлекеттік және құқықтық болмысын бай өмірлік тәжірибесіне, ұлттық бітіміне, озық өнеге, тәлімді дәстүріне сай құрғысы келетіндігінің белгісі» дей отырып, жұртқа танымал заңгеріміз З.Кенжалиев: «Екінші жағынан, билер соттарының қайта туындауы жергілікті халықпен ресми мемлекеттік билік арасындағы ара қатынастың «салқындық» деңгейін танытады... Үкімет мекемелеріне емес, өз күштеріне, өз белсенділіктеріне және өздері құрған ұйымдарға арқа сүйеуге ықыласты екендігін дәлелдейді» – дейді (Кенжалиев: 1997, 173).

Әрине, бұл тұжырымға біздер де қосыламыз. Елімізде күн санап өсіп жатқан қылмыстар мен тәртіпсіздіктер ұлттық сананың жай-күйіне қатты әсер етті. Мұндай келеңсіздіктерді үкімет органдарының халықтан ажырағаны ретінде бағалап, олардың қызмет ету тәсілдеріне сынмен қарай бастады. Содан болса керек, ішкі орган қызметінде де, құқықтық басқа органдар қызметінде де соңғы кезде соны серпін байқалып, олардың халыққа етене жақындай түсу жағы қарастырылуда. Мұны біз учаскелік полицейлер жайлы өзгерістерден нақты көреміз.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қоса осы аталған қоғамдық ұйымдар республикамыздың түпкір-түпкірінде өз белсенділіктерін күн санап өрістетіп келеді. Атырау облысының Махамбет ауданындағы «Алға» кеңшарында «Ар кітабы» деген қоғамдық ұйым жұмыс істейді (Қаратаев: 1994, 56-57). Ал, Түркістан облысының Арыс қаласында «Билер кеңесі» құрылған (Мағзұмов: 1995, 84-85). Жаңа әрі пайдалы мұндай қоғамдық ұйымдар халық көңілінен шығып отыр. Мысалы, «Казахстанская правда» газетінде «Старейшины уходят в бии» деген мақалада: «Вот уже около года в Октябрьском районе успешно действуют суды биев. В их состав, как и во времена предков, избраны наиболее авторитетные и уважаемые люди, с большим жизненным опытом. Даже работники милиции района признают, что такая структура помогает сельским участковым в укреплении правопорядка. На своих заседаниях старейшины рассматривают случаи мелкого хулиганства, приглашая на суд правонарушителей, взяли под свой контроль работу с сельчанами на борьбе с антисанитарией, также за тем, чтобы совершеннолетние дети с должной ответственностью заботились о своих престарелых родителях» деп хабарлайды (Зиманов: 1996).

Осы секілді жұмыс істеп жатқан билер алқаларының бірі Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Айдарлы» қауымдастығында ашылғанын «Егемен Қазақстан» тілшісі былай деп хабарлайды: «Бұл ауыл қала мен аудан орталығынан шалғай жатқанына қарамай, тәртіп бұзып, алажіп аттаушы сұғанақтық, бұзақылық тыйылды. Енді тәртіп сақшысының араласуынсыз-ақ жұрттың ұйқысы да, күлкісі де бұзылмайтын ахуал қалыптасты» (Жаппархан: 1995). Мұндай

жақсы бастаманы ресми органдардың өздері де түсініп, ондай қоғамдық ұйымдарды қолдап, әділет басқармасынан тіркеуден созбаламай, қуана өздері өткізуге құлшыныс білдіруде (Масатов: 1995).

Мемлекетімізге, қоғамға жат емес мұндай бастамалардың құқық қорғау органдарының жұмысын жеңілдетіп, келеңсіз оқиғаларды болдырмауға көмегі зор. Кешегі кеңестік өкімет тұсындағы «Халық дружиналары», «жолдастық сот», т.б. қоғамымызға қайта ендірудің ешбір сөкеттігі жоқ. Мұндай бірлестіктер қоғамның ұйысуына, ондағы түрлі бірлестіктер мен азаматтық ұйымдардың өзара ымыраласуына өзіндік септігін тигізуі ықтимал.

Мысалы, Өскеменде құрылған «Ақсақалдар алқасы» ұлттар арасындағы достық пен татулықты нығайтып, жастар тәрбиесіне ерекше мән беріп отырғанын «Егемен Қазақстан» тілшісі О.Елубай әңгімелеген (Елубай: 1995). Біз мұндай деректерді ұзын-сонар бере беруді жөн көрмедік. Тек, қорыта келе, билер институты, ақсақалдар кеңесі тәрізді қоғамдық ұйымдар Республиканың барлық аймақтарында жұмыс істеп жатқанын, тіпті үлкен қалаларда да бой көтере бастағанын, бәрі де ұлттық дәстүрге, әдет-ғұрыпқа негізделген тәрбиелік, уағыз-насихат, кеңес айту, айып тартқызу секілді жұмыстарды атқаруда әрі келеңсіздіктердің алдын алып, оны болдырмауға бар күшін салуда. Осындай прогрессивті қоғамдық ұйымдарға бар жағынан қолдау көрсете отырып, азаматтық, қылмыстық, отбасылық дау-дамайларды көбірек талқылауды қолдарына беру қажет.

Халықтың өзі осындай соттарға мұқтаж екенін ашық айтуда. Пікірталас етіп, пайдалы істерді сөзбұйдалата бергенімізше, ата-бабамыздан қалған жол-жобасы мен пайдасы мол дәстүрге есікті айқара ашқан мақұл. Сонда ғана ұлттық-құқықтық болмысымызды сомдап, азаматтық қоғам құрудағы ізгі мақсаттарымызды жүзеге асырамыз әрі тәлім-тәрбиені мықтап қолға алып, әдептілігімізді нығайтамыз. Шындығына келсек, мемлекетіміз бұл жолында қарап отырған жоқ. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 2-тармағында заңмен көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу ант берушілердің қатысуымен жүзеге асырылады деп бекітілген (Қазақстан Республикасының Конституциясы: 2000, 35).

Сайып келгенде, қоғамдық ұйымдар мен азаматтық бірлестіктердің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде рөлі зор. Осы институттарды ары қарай дамыта отырып, алға жылжуға және қоғамның ұйысуына жол ашуға болатындығы белгілі болып отыр.

Сот билігі және азаматтық қоғам

Мемлекеттегі демократия деңгейі мемлекеттік билікті іске асыруға, әсіресе, сот ісі билігіне халықтың қатысу дәрежесімен айқындалады. Сот билігі өзге биліктер секілді қазақ халқына көне дәуірлерден-ақ етене жақын, оған өздері тікелей араласуы нәтижесінде халықпен ажырамайтын бір бөлігіне айналған (Зиманов: 2003). Қазіргі кезде халық еркіндігі мен оған тікелей қатысуы сипаттарын Президент пен Парламент депутаттарын сайлау кезінде нақты көре аламыз. Сондықтан да сот әділдігін жүзеге асыруға қатысуы мен бақылау мүмкіндігін барынша кеңейткеніміз ерсі емес. Соның бір көрінісі «Алқа билер сотының» қабылдануы.

Қазақстанда енгізілген «Алқа билер соты» дәстүрлі құқық жүйеміз бен менталитетімізге жақын, бұрынғы билер сотын көз алдымызға әкеледі. Ендігі мәселе, сол билер сотының қадір-қасиеті мен болмысын «Алқа билер сотының» әрі қарай алып кетуінде жатыр.

Кеңес өкіметі халық сотына халық заседательдерін енгізгені тарихтан белгілі. Алайда, халық заседательдері жоғарыдан берілген нұсқаулардан аса алмай, қайта айыптаушылыққа бейімділігімен, сотқа дәлел айта алмай, соттың тікелей әсерінде қалып қойған болатын. Халық заседательдері еңбек ұжымдары тарапынан сотқа жіберіліп, коммунистік идеология шырғауынан шыға алмай, сол үшін беделге ие бола алмаған еді.

«Алқа билер сотына» сайланатын немесе тағайындалатын адамдар ата-баба салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, өткен тарихын, мақал-мәтел, үлгілі сөздерді көп білетін, сөзге шешен, әділ, адамгершілігі мол болуы тиіс. Бұл азаматтық қоғамға аса қажетті азаматтық сот рөлін ойнау керек. «Алқа билер соты» даналық пен әділеттік соты ретінде сот ісін жүргізуде қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесіне, оны ізгілендіру, демократияландыру және барлық қатысушы субъектілердің қызметіне заңдылықты күшейтуге, пара-сарадан аулақ болуға, тәлім-тәрбиеге игі әсер етеді деп ойлаймыз. Сонда ғана сотқа деген халық сенімі артады, сайысушылық, сөз құдірет қайта түлейді. Өрбір іс алаңбайды, әділ қарау мен әділ шешім шығаруды халық көзімен көреді, дәстүрлі сот құқығымыз қайта тіріледі (Сапарғалиев, Ибраева: 1998). Бұл сот әділдігімен қоса азаматтардың сот ісіне қатысуын күшейтеді, халықтың құқықтық мәдениетін, тәлім-тәрбиесін биік деңгейге көтереді, құқықтық санасының артуына игі әсер етеді.

Конституцияның 89-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқару жайлы айтылып, бұл бірте-бірте кеңейтіліп, өзін-өзі басқару органдарына сайланбалы немесе басқа органдарын құрып жұмыс істейтіні сөз болады (Қазақстан Республикасының

Конституциясы: 2000). Өзін-өзі басқарудың жұмыс тәртібін адамдар өздері белгілейді, ал мемлекет тек заңдылықты дәрежеде олардың қызметі мен өкілеттігін белгілейді, қалған уақытта өзін-өзі басқару органдары дербес. Мысалы, қазіргі кезде жұмыс істеп жатқан көше-үй, квартал комитеттерін, жекешеленген үйлерді ұстау жөніндегі комитеттерді, қоғамдық ұйымдарды жатқызуға болады. Жергілікті өзін-өзі басқару нысандарына тұрғындардың кәсіби және басқа да еркін білдіру түрлері жатады.

Өмірдің өзі көрсетіп отырғандай, өзін-өзі басқару органдары тәлім-тәрбие жұмыстарына белсене араласады. Түбінде осындай өзін-өзі басқару органдары мен ұйымдарынан азаматтық қоғам жетіліп шығады. Міне, осы кезде құқықтық мәселелер, идеологиялық мәселелер өз шешімін жеңіл табады. Яғни, осы өзін-өзі басқару органдары мен ұйымдары өкілдерінен нағыз әділ, сайысушылық және еркін сот түрлері шығады. Оның пайда болып, дамуына қазіргі кезде Қазақстанда құқықтық, этикалық кедергілер де жоқ. Тек заңнамаларымызға толықтырулар мен өзгертулер енгізілсе жетіп жатыр. Өйткені, Ата Заңымыздың 75-бабында бұл жайлы сөз етіліп, мүмкіндік берілген (Қазақстан Республикасының Конституциясы: 2000). Сондықтан да қазақтар немесе өзге ұлт өкілдері жинақты тұратын аумақты қамтыған қауымдастықтарға «Билер соты», «ақсақалдар соты», «ар-ұят соты», т.б. түрліше аталатын соттық өкілеттіктер беру, қоғам ішіндегі азаматтық, қылмыстық дау-дамайларды шешуді тапсыру, ол үшін оларды заң жолымен заңдастыру бүгінгі күннің талабы болып отыр (Ибраева: 2002). Бұл талаптардың нәтижесінде қоғамдық тыныштық, қоғамдық қауіпсіздік, тату-тәттілік артып, халық тыныш өмір сүреді. Тіпті, бұрынғы замандардағыдай билік, сөз күдіреті, әділеттік, заңдылық артып, көркейіп, халық құқықтан шет қалмай, тікелей өздері араласатын болады.

Сайып келгенде, дәстүрлі сот билігі, одан кейінгі кеңестік сот жүйесі және қазіргі таңдағы сот жүйесі әлі де болса зерттеуді қажет етеді. Олардың арасындағы байланыс, әсіресе кеңестік дәуірдегі және қазақстандық сот жүйелерінің өзара сабақтастығы, ұқсастықтары мен өзгешеліктері тарихи-құқықтық тұрғыдан бағалануы керек. Келешектегі сот жүйесіндегі реформаларда ең алдымен дәстүрлі құқыққа басымдық берілуі тиіс деген пікірдеміз.

Сондай-ақ, құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғамдар, түрлі қоғамдық бірлестіктер өзара ықпалдастыққа ұшыраған кезде ғана азаматтық қоғамның шынайы келбеті қалыптасатындығын әлемдік және отандық тәжірибелер нақты көрсетіп отыр.

Қорытынды

Әрине, біздің тарапымыздан осы шағын мақалада көтерілген сауалға қатысты барлық мәселе шешілді деуден аулақпыз. Бұл кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын қажет ететін мәселе болып табылады. Келешектегі ізденістерде тарихи-құқықтық талдаудан өткен осы тақырыптағы мәселелер көтерілуі тиіс деген ойдамыз. Яғни, мәселенің ауқымын кеңейту, оның тетіктері мен іске асыру құралдарын саралау болашақтағы ізденістерге арқау болғаны абзал.

Тәлім-тәрбиенің кемелді болуы құқықтық мәдениеттің дәрежесіне байланысты. Сондықтан да құқықтық мәдениеттің дәрежесін жоғары көтеру үшін халықты құқықтық тұрғыдан жаппай оқытып-үйрету, яғни құқықтық үгіт-насихаттар мен құқықтық көрілімдерді теледидарлар мен радиолардан көрсетіп, мерзімді баспасөздерде жиі материалдар жариялап отырған жөн.

Осы ретте кешегі кеңес өкіметі тұсындағы әдептілік, тәлім-тәрбие жайлы жүргізілген әдіс-амал, үгіт-насихат формаларын да пайдаланған жөн. Өйткені, тәлім-тәрбиені жүргізуде қоғам мүшелерін құқықтық тәлім-тәрбиеге ерекше мән беріп, оны балабақшалардан бастап, жасөспірімдер мен жоғары оқу орындарында жалғастырып, тіпті кейін жұмыс істеген кездің өзінде де қол үздірмей ұжымдық тәрбиемен ұластырып отырды. Нәтижеде, әрбір тұлғаны тәрбиелеу үнемі көзден таса қалдырылмады.

Тәуелсіз, егеменді мемлекет болғанымыздан кейін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан Республикасында құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру шаралары жайлы» (Назарбаев: 1995) жарлық шығарып, алғашқыда әжептеуір жұмыстар жүргізілгенімен, кейін ол да саябырсып кетті. Бұл шараның берері көп еді. Қоғам мүшелерінің салауатты тұрмыс құрулары үшін құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастырудың маңызы зор екенін зерттеуші ғалымдар да текке атап өтпеген.

Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде айтылған пікірлер мен ұсыныстарды өзіміздің өткенімізбен сабақтастыра отырып, әдептілік, тәлім-тәрбие жұмыстарын үзбей жүргізіп отыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сонда, қазақ халқы және өзі құрып отырған тәуелсіз мемлекеті алдына қойған мақсаттарына еркін жетеді әрі мәңгілікке өзінің ұлттық болмысын сақтай береді. Сондықтан да қоғамымызда құқықтық жаппай оқытуды үзбей жалғастырып, ол жайлы мерзімді

баспасөздер мен теле-радио хабарларда жиі-жиі беріп тұру қоғам мүшелерінің құқықтық санасын көтеруге жәрдемдеседі. Құқықтық сана жоғары болған қоғамда тәртіп бұзушылық болуы екіталай.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту үшін мемлекет тарапынан көп жылдарға бағытталған арнайы бағдарламалар іске асқаны құба-құп.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлібеков: 1991. Әлібеков С. Ауылды өздері күзетеді. Ақтөбе. 21 мамыр.
2. Баймұханбетов, Сақалов: 1994. Баймұханбетов Ш., Сақалов Т. Ұлт азбасын, ұрпақ тозбасын! Егемен Қазақстан. 10 қыркүйек.
3. Бердібай: 1997. Бердібай Р. Ежелгі дәстүр ел қажетіне жарады. Егемен Қазақстан. 12 ақпан.
4. Елубай: 1993. Елубай О. Ақсақалдар пәтуаға шақырады. Егемен Қазақстан. 20 наурыз.
5. Жаппархан: 1995. Жаппархан Ө. Билер алқасы тәртіпке шақырады. Егемен Қазақстан. 27 мамыр.
6. Зиманов: 1996. Зиманов С. Старейшины уходят в биш. Казахстанская правда. 15 октября.
7. Зиманов: 2003. Зиманов С.З. Қазақ құқығын бағалау тарихы туралы. Қазақтың Ата Заңдары: 10 т. Алматы: Жеті жарғы. 2 т.
8. Ибраева: 2002. Ибраева А. Правовая культура: проблемы теории и практики. Алматы.
9. Кенжалиев: 1997. Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. Алматы.
10. Конституция 16 стран мира: 1995. Сб. Конституций стран членов СНГ, Балтии и ряда других государств мира. Алматы.
11. Қаратаев: 1994. Қаратаев С. Қарттарды қадірлей білейік. Ақиқат. №5.
12. Қуандықов: 1997. Қуандықов Б. Ұлттық құқықтық болмыс: жаңғыру, қайта түрлеу. Фемида. №12.
13. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 2000. Алматы: Жеті Жарғы
14. Мағзұмов: 1995. Мағзұмов М. Билер институты. Ақиқат. №9.
15. Мажитова: 2014. Мажитова Ж.С. Институт биев в казахском обществе: к историографии происхождения термина. Вестник МГУ. Серия 8. История. №6
16. Масатов: 1995. Масатов Б. Ақсақалдар мен адвокаттар алқалары. Заң газеті. 15 сәуір.
17. Назарбаев: 1995. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасында жалпы құқықтық оқытуды ұйымдастыру шаралары жайлы Жарлығы. Егемен Қазақстан. 21 маусым.
18. Нәрікбаев: 1999. Нәрікбаев М.С. Ұлы билерімізден жоғары Сотқа дейін. – Алматы
19. Сапарғалиев, Ибраева: 1998. Сапарғалиев Ф.С., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы
20. Смагулова: 2016. Смагулова А.С. Казахское обычное право: принципы и их роли в регулировании отношений в обществе. Проблемы Науки. 2016. №3 (45).